

К.К. Наурызова\*, Б.Қ. Исабек

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан  
(E-mail: karla\_87.87@mail.ru; isabekb@mail.ru)

## Қазақстанның қоғамдық-саяси тарихын зерттеудегі «Ақ жол» газетінің дерек ретіндегі рөлі

Мақалада кез келген бір тарихи мәселені зерттеу барысында тарихи жазба деректерінің кешенді түрі ретінде мерзімді басылым материалдарының маңыздылығы анықталған. Авторлар тарихи деректер жүйесіндегі мерзімді басылымдардың орнын анықтау мәселесіне қатысты көзқарастарды қарастырған. XX ғ. 20-шы жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси тарихын зерттеу барысында қосымша тарихи дерек көзі ретінде «Ақ жол» газетінің рөлі мен маңыздылығы зерттелген. Сонымен қатар «Ақ жол» газетінің беттерінде жарық көрген бірқатар мақалаларға талдау жасау арқылы газеттің дерек ретіндегі мәнін анықтаған.

*Кілт сөздер:* «Ақ жол» газеті, мерзімді басылым, Қазақстан тарихы, тарихи дерек, деректану.

### *Кіріспе*

Соңғы екі он жылдықтағы әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулар көптеген мәселелерге жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік тудырғаны белгілі. Зерттеушілер тарихи деректерді, соның ішінде мерзімді басылымдарды басқа көзқараспен бағалай бастады. Кез келген тарихи дерек өз дәуірінің ерекшеліктерімен және қоғамымен байланысты. Мерзімді басылымдарға талдау жасау барысында XX ғ. 20-шы жылдарында теледидардың, көптеген елді мекендерде радионың жоқтығынан мерзімді басылымның үгіт-насихат жүйесінің негізгі компоненті болғандығын және оның партия тарапынан қатаң бақылауға алынғандығын ескеру қажет.

XX ғ. 20 жылдарында қазақ тілінде басылып шыққан газеттер Қазақстандағы кеңес билігінің құрылу мәселелерін насихаттауға тырысып, Коммунистік партияның басқару рөлін көрсетті. Өкімет пен партияның саясатын сынға алған газеттер мен журналдар қатаң бақылауға алынды. Басқарушы үкімет рубриканың мазмұнын қатаң қадағалап, редакциядан қоғамның дамуының оң жақтарын және әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірдің жетістіктерін көрсететін мақалаларды талап етті. Дегенмен, партия тарабынан көрсетілген қысымға қарамастан бірқатар қазақ мерзімді басылымдары халық арасында таратуға тиым салынған өлкедегі әлеуметтік-саяси өзгерістердің салдары туралы мақалалар жариялап отырды.

XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ зиялыларының саяси және ағартушылық қызметі баспасөзден өз жалғасын тапты. Олар қоғамда болып жатқан саяси және мәдени оқиғаларды бақылап, оған өздерінің ой-пікірлерін көрсетіп, жан-жақты талдауларын жүргізді. Қазақ зиялылары кеңес өкіметін мойындай отырып, өздерінің баспасөздегі ағартушылық қызметін әрі қарай жалғастырып, қазақ қоғамына лайық газеттер шығарды. Осы газеттердің ішінде Түркістандағы кеңестік биліктің ресми газеті болған «Ақ жол» қазақ зиялыларының ағартушылық қызметін атқаруда ерекше жұмыс жасады. Сондықтан, XX ғ. 20-шы жылдарындағы қазақ қоғамында орын алған тарихи құбылыстарды зерттеу барысында «Ақ жол» газетінің тарихи дерек ретіндегі маңызы ерекше.

### *Зерттеу әдістері*

Мақалада тарихилық және объективтілік принциптерін басшылыққа ала отырып, кешенді және жүйелік тәсілдері қолданылды. «Ақ жол» газетінің атқарған функциясын зерттеу барысында құрылымдық-функционалдық әдісі пайдаланылды. Функционалдық әдіс газеттің мақсатын, яғни не үшін және қандай мақсатта пайда болғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Аталған әдіс «Ақ жол» газетінің функциясының әртүрлілігін (экономикалық, мәдени-гуманитарлық, саяси) анықтауда қолданылды. Ақпараттық кеңістіктегі «Ақ жол» газетінің дамуын қарастыру жүйелік-тарихи әдіс арқылы жүзеге асырылды.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: karla\_87.87@mail.ru

## Талқылау

Адам, қоғам, мемлекет әлемнің әр бөлігінде және әр кезеңде болған, болып жатқан оқиғалар жөніндегі нақты мәліметті тек қана тарихи деректерден алуға болатындығы ешқандай дау тудырмасы анық. Өйткені, қоршаған ортаны және адамзат қоғамын танудағы тарихи деректің құндылығы мен маңыздылығы бұрыннан белгілі және антикалық кезеңнен бастап, яғни адамзатқа алғашқы ғылыми зерттеулер белгілі болған уақыттан бері ешқандай күмән келтірген емес.

Қазіргі кезеңдегі қоғамтану-гуманитарлық саладағы ғалымдарды қызықтыратын мәселелер шеңберінің кеңеюіне байланысты тарихи деректің рөлі мен маңызы айтарлықтай жоғарылады. Бірінші кезекте, бұл тарихшыларға қатысты мәселе, себебі қазіргі заманғы тарих ғылымы негізінен жекелеген мемлекеттердің, аймақтардың немесе белгілі бір кезең тарихымен айналысатын дәстүрлі ғылым саласына қарағанда адамзаттың жаһандық тарихының мәселелерін қарастырады.

Деректану ғылымының негізін қалаушылар, француз ғалымдары Ш. Ланглуа мен Ш. Сеньобос өздерінің «Введение в изучение истории» [1; 36] атты еңбегінде: «Дерек — тарихи білімнің бірден-бір қайнар көзі. Тарих деректердің негізінде жазылады. Дерек жоқ болса — тарих та жоқ» деп, тарихи деректердің маңыздылығын жоғары бағаласа, ресейлік деректанушы В.О. Ключевский тарихи деректердің ерекше танымдық рөлін айта келе, тарихи дерек дегеніміз «өткен өмірдің ескерткіші» деп бағалайды [2; 186]. Сондықтан, ғылым үшін тарихи деректің маңыздылығының жоғары екендігін зерттеушілер тарабынан тарихи дерек ұғымының әртүрлі түсіндірілуі анықтайды, деректану және тарихнамадағы «тарихи дерек» категориясын пікірталастық тақырыптардың біріне айналдырып отыр. Мысалы, XIX ғ. аяғы — XX ғ. басындағы танымал ғалым А.С. Лаппо-Данилевскийдің пікірінше «Тарихи дерек — бұл фактілерді зерттеуге пайдасын тигізетін адам психикасының жүзеге асырылған өнімі» [3] болып саналса, деректанушы И.Д. Ковальченко тарихи дерекке табиғат пен адамзат қоғамының тарихымен байланысты құбылыстардың барлығын жатқызады [4]. Сонымен, XIX ғ. аяғы — XX ғ. басында «тарихи дерек» түсінігінің анықтамасын өңдеу үрдісінде бірқатар алға жылжулар байқалғандығын көруге болады. Бұл кезеңде тарихи деректердің функциялық-танымдық қасиеттеріне негізделген әртүрлі анықтамалар ұсынылды. «Тарихи дерек» түсінігінің бірнеше анықтамасы өңделді: біріншісі, тарихты тануға қабілеті бар адамзат қызметінің нәтижесі (ақпаратты жеткізудің қабілеттілігі ескерілді); екіншісі, өткенді көрсететін ескерткіш (танымдық қасиетке назар аударылды); үшіншісі бір уақытта өмір сүрген адамдардың іс-әрекеттері мен ойларының ізі (бейненің субъективтілігіне басты назар аударылды). Біздің ойымызша, тарихи деректердің функциялық-танымдық қасиетіне (сапасына) және оның адамзат қызметінің нәтижесімен байланыстыру жоғарыда аталған анықтамалардың оң жағын көрсетеді. Дегенмен, XXI ғ. басында «Тарихи дерек дегеніміз — бұл қоғамның дамуы жөніндегі ақпаратты алуға болатынның барлығы» деп саналатын И.Н. Данилевский мен В.В. Кабановтың пікірі үстем етуде [5; 9].

Әрине, тарихи деректердің ерекше түрі — бұл қоғамның «айнасы» болып табылатын және қоғамдағы болып жатқан оқиғаларды газет пен журнал беттерінде көрсететін мерзімді басылымдар болып саналады. Бұл жөнінде И.Н. Данилевский мен В.В. Кабанов «мерзімді басылым — бұл ұзақ мерзімді басылымдар арқылы берілген тарихи деректердің бір түрі және оның функциясы қоғамдық ойды ұйымдастыру, мемлекеттің идеологиялық ықпалын жүзеге асыру, жеке кәсіп саласындағы экономикалық қызметті ақпараттандыру, басқару жүйесіндегі кері байланысты құру болып табылады» деп атап көрсетеді [5; 9]. Сондықтан, біздің пікірімізше, өзінің мазмұнында қоғамның әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени және рухани өмірінің барлық спектрін көрсететін мерзімді басылымның тарихи дерек ретіндегі маңызы жоғары.

Өзімізге белгілі, 1920 ж. 1 қарашасында Түркістан Республикасының Орталық Атқару комитетінің отырысында «Ақ жол» газетін басып шығару мәселесі қарастырылған. Осының нәтижесінде, 1920 жылдың 7 желтоқсанынан бастап «Жаңа өріс» газетінің орнына Түркістан Республикасының және Қазақстанның Коммунистік партиясының атқарушы комитетінің ресми басылымы ретінде «Ақ жол» газеті Ташкентте баспадан шыға бастаса, 1925 ж. 19 маусымдағы 577-санынан бастап Сырдария атқару және партия комитетінің атынан Шымкент қаласынан шыққан.

Түркістан өлкесінде шығып отырған мерзімдік басылымдарға толтырылған анкеталардың бірінде газеттің редакция ұжымы төмендегіше құрамда берілген: «Мерзімдік басылымдар анкетасы: «Ақ жол» газеті — қазақ тілінде. Адресі: Ташкент қаласы. К.Маркс көшесі 41. 1920 жылдың 7 желтоқсанынан бастап, үзілістер 8 тамыз 1923 жылдан 28-не дейін себебі: қаржының жетіспеуінен. Бағадарламасы: партиялық-саяси, экономикалық және ғылыми әдебиеттер. Мерзімділік уақыты — аптасына 3

рет. Тираж — 1800 дана. Қызметкерлері: 1. Тохтыбаев Иса Тохтыбаевич — жауапты редактор. 2. Алиев Хасан Шаяхметович. 3. Байтасов Абдулла Байтасович. 4. Ходжиков Кангиркожа Ходжикович. 5. Илаев Хади Илаевич. 6. Алпаров Гибат» [6]. Жалпы, газет мазмұны «Басқармадан», «Сыртқы хабарлар», «Ішкі хабарлар», «Бұйрық-жарлықтар», «Әйел теңдігі», «Жастар арасында», «Ресми бөлім», «Елден», «Басмашылар тарихы» деген айдарларға бөлінген.

Газеттің 1920 ж. 7 желтоқсанында жарық көрген алғашқы санында ТурЦИК жанындағы қазақ-қырғыз бөлімінің басшысы Нәзір Төрекұлов, бөлімнің мүшелері Георгий Сафаров, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Аспандияровтар басылымның идеялық бағыт-бағдарын айқындайтын мақала жариялайды («Еңбекшіл қазақ-қырғыз жұртына!»). Осы санда басқарма атынан жарияланған мақалада «Газет туралы өткен кемшілігімізді еске түсіріп, келешек ісіміз жемісті болуына иман келтіріп, мынау «Ақ жолды» алдарыңа тартып отырмыз. Көздеген мақсатқа адастырмай тура бастайтын «Ақ жол» болғай еді» («Оқушыларға», 1920) деп оқырманға тілектерін арнайды [7].

«Ақ жол» газетінің мақсаты — қазақ халқының мәдениеті мен өркениетін арттыру, қазақ тілі мен әдебиетін дамыту, әлемде орын алып жатқан түрлі жаңалықтардан хабардар болу, қазақ халқын жаңғырту, сол арқылы қазақ халқына қызмет етуді көздеген. Жалпы, «Ақ жол» газетінің беттерінде ХХ ғ. басындағы қазақ халқының саяси-әлеуметтік өмірінің маңызды мәселелері, шаруашылық жағдайы, басқа халықтармен қарым-қатынасы, білімі, әдебиеті мен мәдениеті, әдет-ғұрпы, тарихы мен шежіресі туралы жаңалықтар жарияланған. Бастапқы кезеңнен бері «Ақ жол» газетінің бағыты антикеңестік сипатқа ие болып, газеттің беттерінде кеңес үкіметіне қарсы мақалалар жарық көрді. Елдегі күрделі жағдай, аштық мәселесі, салық жинаушылардың қарапайым халыққа деген қысымы туралы ашық жазылып отырған.

Мысалы, «Ақ жол» газетінің редакторы Сұлтанбек Қожановтың мақалаларында Қазақстандағы аграрлық реформа қарқынының артта қалуы, отарлау элементтерінің озбырлығы туралы атап көрсетіліп, Жетісудан кулактарды шығару жөнінде ұсыныстар жасалған [8]. «Ақ жолдың» 1921 ж. 26 сәуір, сенбі, 48-ші санында «Түркістан қазақ-қырғыз съезіне ел жайынан берілген баяндамалар (Әулиеата 20-30 январь, 1921 жыл) Піспек үйезі» атты мақалада анық көрінеді. «Переселен мекемелері ашылып, іштен мұжықтар келе бастаған соң, қазақ-қырғыздың шаруасы кеміп, мал азайып, егін шашатын жері тарыла бастады. Переселен мекемелері елдің қолындағы еңбек сіңіріп қазып шығарған суларын, ең қадірлі шабындықтарын, егіндіктерін тартып алып, келімсектерге беріп, соларды орналастырды. Қырғыздарды ата мекенінен шығарып, қолайсыз сусыз жерге айдап салды» деп атап көрсетілген [9].

Газеттің 5-ші санында жарияланған «Сыртқы хабарлар» айдары 1919 ж. 28 маусымда болған Антанта (Ұлыбритания, Франция, Италия, Бельгия, АҚШ, Румыния, т.б.) елдері мен Германия арасындағы Версаль бейбіт келісім жасалғандығы жөнінде келесідей мәлімдейді: Бүкіл дүниенің орасан соғысын ресми жағынан тоқтатқан Версаль бітім шарттары, күншығыс халықтарын жем қылуға Еуропа капиталының құқықтарын бекітіп берді. Ағылшын, француз, жапон жиһангерлері жеңгеніне мастанып арамдарын тойғызу үшін Азияны өзара бөлісіп алды. 10 миллиондаған түрік, араб, парсы, қытайлар шет жұрттардың қанды қол жалмауыздарына берілді. Бір жарым ғасырдан артық Англия жиһангерлігінің темір уысында азап шеккен Индия халқы, осы күнге шейін қан жылап отыр. Сүйтіп, Еуропа жиһангерлері һәм олардың одақтасы жапондар Азияның 100 миллиондаған қараңғы надан халықтары еңбегімен тапқан байлық пен қабырғаларын жапқалы отыр («Ақ жол газеті», 17.12.1920 ж.). Түркияның Ресейге қатысты ұстанған саясатының қандай екендігін 1921 ж. жарияланған «Россия һәм Түркия» атты мақаладағы мына сөздер аңғартады: «Түркия үкіметі өзінің Мәскеудегі уәкіліне мына жұмысты тапсырған: Кеңес үкіметіне білдір — біздің жақын арада Французбен арамыздағы болған ымырамыздың ешбір бабында Россия—Түркияның татулық ымырасына қарсы келетін бір ауыз сөз жоқ; Түркия үкіметі бұған тағы қосады, біз Французбен ымырада емес қай уақытта да, кіммен болса ымыралассақ та Россия мен Түркияның татулығына кедергі жоқ» («Ақ жол» газеті, 22.12.1920 ж., No 5) [10]. Осылайша, «Ақ жол» газеті сандарының мазмұнында қазақ қоғамындағы саяси-экономикалық және мәдени, сонымен қоса халықаралық қатынастардағы орын алған мәселелер жөнінде маңызды мәліметтер орын алған. Ірі қоғамдық-саяси, ғылыми-ағартушылық мәселелерден бастап, қарапайым тұрмыстық-танымдық мәселелерге дейін халықтың сұранымы мен өресіне орай қорытып, сараптап отырған «Ақ жолдың» тарихи орны әрқашан ерекше.

Бұл жөнінде зерттеуші Б.Ж. Изенбаев «Қазақ» көтерген алаштық идеяны жалғап әкеткен «Ақ жол» жаңа қоғамдық тәртіпте ұлт мүддесін қорғаған ұлттық элитаның саяси еркінің жемісі, шын мәнінде «халықтың көзі, құлағы һәм үні» бола білді. Яғни «Ақ жол» газеті жаңа жағдайда ұлттық идеяны, оның биік мұраттарын барынша насихаттау үдерісін жаңа деңгейге көтере алды, кеңестік қоғам-

ның шынайы бет-бейнесін ойлы оқырманға тұспалдап танытудан да тайсалмады. Былайша айтқанда «Ақ жол» газеті ұлттық мақсат пен мұратты қалың оқырманға дер кезінде жеткізіп отырумен де халықтың үлкен сұранысына ие болды, ел ішіне кең тарады деп атап көрсетеді [6].

«Ақ жол» газетінің таралуы негізінен Түркістан республикасының аумағын қамтығанымен, ол ішінара Қазақ автономиялық республикасына да таралған. Тіпті, оның астыртын жолдармен шет елге де таралғандығын М. Шоқайдың еңбектері арқылы білуге болады. Республикалық басшылық бекіткен 12 мың дана газет тиражы сол кезең үшін аз болмаған. Дегенмен сұранысқа сай газеттің тиражы үнемі өсіп отырған. Айталық, «Ақ жолдың» 1923 ж. 15 желтоқсан күнгі саны 21 690 данамен тараған. Қаржылық, техникалық, ұйымдық себептерге байланысты газеттің тиражы құлдыраған кездері де болған. Д. Махат мұрағаттық құжаттарға сүйеніп, 1925 ж. күзінде «Ақ жол» газетінің тиражы 3 мың данаға дейін төмендегенін жазады және оның себептерін былай белгілейді: «Ол біріншіден, бұрынғы «Ақ жолдағы» тәжірибелі тілші-мамандар ұстанған саяси бағытына орай редакциялық жұмыстан кетірілгеннен кейінгі кездегі газеттің мазмұн мен тіл жағынан кемшіліктері болды. Екіншіден, сипаты жағынан бұқаралық шаруа басылымы және Сырдария Губкомы мен Губаткомы органы болып қайта құрылғаннан кейінгі кезеңдегі оқырмандар саны күрт төмендеді. Үшіншіден, техникалық сапасына байланысты. Ташкентте газет жақсы сапалы ақ қағазда, үлкен көлемді, жаңа қаріппен шықты. Шымкентке келгеннен кейінгі газет сапасы нашар қағазда, көлемі шағын және бас әрші жоқ, біркелі қаріппен басылды» [9].

Саяси жағынан алғанда да, «Ақ жол» газетінің бетінде жарияланған, көтерілген мәселелердің Кремльдегі «күн көсемдердің» көңіліне кірбің ұялатқаны да тегін емес. 1925 жылы 29 мамырда И. Сталин Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросына «Ақ жол» газетінің саяси бағытына байланысты арнайы хат жолдайды. Қырөлкеком бюросының барлық мүшесіне, көшірмесі Ж. Варейскийге жолданған хатта: «Жуырда менің «Ақ жол» журналымен танысуға мүмкіндігім болды. Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақ гвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалармен «Ақ жол» журналының рухани «ынтымағы» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да, бұл — факт. «Ақ жол», әрине, өзі де аңғармастан Шоқаевқа көлемді материал береді. Тіптен де аңғармай қалмайтын Шоқаев болса бұл материалдарды қорытады және жұртқа ұсынады». Сондай-ақ, «Ақ жол» бетінде жарияланған сыни мақалаларға талдау жасап және олардан Алаш зиялыларының қастандық әрекетін көріп, партияда жоқ зиялыларды қазақ жастарын саяси және идеологиялық тұрғыдан тәрбиелеу ісіне жіберуге үзілді-кесілді қарсы екендігін білдіреді [11].

Дегенмен, газет кенестік жүйе қысымына қарамастан үкіметтің саясатын ашық болмаса да, астарлы түрде сынға алған мақалаларды жариялап үлгерген. Бірақ, оны жариялаған басылым редакторлары мен авторлары қатаң сыналып, қызметтен қуылды. Солардың арасында Сталиннің жеке бақылауына іліккен «Ақ жол» газетіне ұлтшылдықты уағыздайтын мақалалар, өлеңдер мен әңгімелердің жариялауына жол берілуіне қазақ зиялыларының ықпалына сүйенген редакция кінәлі саналды.

### *Қорытынды*

«Ақ жол» газетінің айналасына топтасқан қазақ зиялыларының сол кездегі өзекті мәселелерді қозғап, қоғамдық-саяси өмірдің тәжірибелеріне баға беріп, елдің даму бағыттарына қатысты батыл ұсыныстар жасауы барысында ұлттық мемлекеттік құруға қатысты идеялар қалыптасып, қоғамдық пікірге орнықты. «Ақ жол» газеті Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси өмірдің шын мәніндегі жаулауына айналса, қазіргі уақытта газет XX ғ. 20-шы жылдарындағы Қазақстан тарихының құнды тарихи дерек көзіне айналып отыр.

Мерзімді басылымдарды зерттеуші кеңес қоғамының тарихы жөнінде кез келген бір тақырыпты зерттеу барысында және баспасөз материалдары мен құжаттары негізгі немесе қосымша дереккөз ретінде болған жағдайда, осымен бірге, мерзімді басылымдардың тарихын зерттеуде қолданады. Әрине, мерзімді басылыммен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері тарихи зерттеудің мақсатына байланысты болады. Мерзімді басылымдарда жарияланған қоғамдық-саяси ақпараттардың спектрі тарихи деректердің басқа түрлерін айтарлықтай толықтырады.

Сонымен бірге, қазіргі кезеңдегі деректану ғылымының маңызды әрі өзекті міндеттерінің бірі — тарихи жазба деректердің, соның ішінде мерзімді басылымдардың ақпараттық қуатының принциптерін, жолдарын және әдіс-тәсілдерін өңдеу болып отыр. Осыған байланысты, Қазақстан тарихы бойынша тарихи жазба құжаттар ретінде мерзімді басылымдармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін, одан ақпарат алу жолдарын жетілдіру қажеттілігі туындауда.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Ланглюа Ш.В. Введение в изучение истории: учеб. / Ш.В. Ланглюа, Ш. Сеньбос. — СПб., 1899. — 275 с.; под. ред. Ю.И. Семенова. — 2-е изд. — М., 2004. — 305 с.
- 2 Ключевский В.О. Курс лекций по источниковедению: [В 9-и т.]. — Т. 7. Специальные курсы / В.О. Ключевский. — М.: Мысль, 1989. — С. 185–233.
- 3 Лоппо-Данилевский А.С. Методология истории / А.С. Лоппо-Данилевский. — М., 2006. — 622 с.
- 4 Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования / И.Д. Ковальченко. — М.: Наука, 1987. — 439 с.
- 5 Данилевский И.Н. Источниковедение / И.Н. Данилевский, В.В. Кабанов. — М., 2004. — 701 с.
- 6 Изенбаев Б.Ж. Сұлтанбек Қожанов сөздеріндегі азаттық идеясы [Электрондық ресурс]. / Б.Ж. Изенбаев. — Қолжетімділік тәртібі: <https://auezov.edu.kz/media/attachments/2022/04/11/11-.-96-100.pdf>.
- 7 Хазретәлі Т. «Ақ жол» газеті ұлттық идеяның ұйытқысы еді [Электрондық ресурс]. / Т. Хазретәлі. — Қолжетімділік тәртібі: <https://abai.kz/post/126133>.
- 8 Мулдахметова Ж.И. Национальный вопрос в 20–30-е годы XX века в Казахстане [Электронный ресурс]. / Ж.И. Мулдахметова, Ж.Т. Джалдыбаев, А.А. Байжанова. — Режим доступа: <https://auezov.edu.kz/media/attachments/2022/04/11/50-.-236-248.pdf>.
- 9 Қазақ баспасөзінде өзіндік орны бар «Ақ жол газеті» [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [https://el.kz/kazak\\_baspasozinde\\_ozindik\\_orni\\_bar\\_s\\_kozhanovtin\\_redaktorlik\\_sheberligi\\_25592/](https://el.kz/kazak_baspasozinde_ozindik_orni_bar_s_kozhanovtin_redaktorlik_sheberligi_25592/).
- 10 Базарбаев Қ. «Қазақ» және «Ақ жол» басылымдарындағы Түркия мәселелері [Электрондық ресурс]. / Қ. Базарбаев, Е. Ақдениз, М. Келеш. — Қолжетімділік тәртібі: <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1467/849>.
- 11 «Оңтүстік Қазақстан» бастауын «Ақ жол» газетінен алған [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://okg.kz/post?id=18662&slug=%C2%ABontustik-qazaqstan%C2%BB-bastauyn-%C2%ABaq-zhol%C2%BB-gazetinen-algan>.

К.К. Наурызова, Б.К. Исабек

### Роль газеты «Ақ жол» как источника в изучении общественно-политической истории Казахстана

В статье определено значение материалов периодической печати в исследовании исторической проблематики как комплексного вида письменных исторических источников. Авторами рассмотрены подходы к проблеме определения места периодической печати в системе исторических источников. Изучены роль и значение газеты «Ақ жол» как дополнительного вида исторического источника при рассмотрении общественно-политической истории Казахстана в 20-е годы XX в. Проанализированы ряд статей, опубликованных на страницах газеты.

*Ключевые слова:* газета «Ақ жол», периодическое издание, история Казахстана, исторический источник, источниковедение.

K.K. Nauryzova, B.K. Isabek

### The role of the «Ak Zhol» newspaper as a source in the study of the socio-political history of Kazakhstan

The article defines the importance of periodical materials in the study of historical issues as a complex type of written historical sources. The authors consider approaches to the problem of determining the place of periodicals in the system of historical sources. The role and significance of the Ak Zhol newspaper as an additional type of historical source in the study of the socio-political history of Kazakhstan in the 20s of the 20th century is considered. A number of articles published on the pages of the newspaper is analyzed.

*Keywords:* "Ak Zhol" newspaper, periodical, history of Kazakhstan, historical source, source study

## References

- 1 Langlua, Sh.V., & Senobos, Sh. (2004). Vvedenie v izuchenie istorii [Introduction to the study of history]. Yu.I. Semenov (Ed.). (2d ed.). Moscow [in Russian].
- 2 Kliuchevskii, V.O. (1989). Kurs leksii po istochnikovedeniiu [V 9 t.]. T. 7. Spetsialnye kursy [Lecture course on source studies [in 9 t.]. T. 7. Special courses]. Moscow: Mysl [in Russian].
- 3 Loppo-Danilevskii, A.S. (2006). Metodologiya istorii [Methodology of history]. Moscow [in Russian].
- 4 Kovalchenko, I.D. (1987). Metody istoricheskogo issledovaniia [Methods of historical research]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 5 Danilevskii, I.N., & Kabanov, V.V. (2004). Istochnikovedenie [Source studies]. Moscow [in Russian].
- 6 Izenbaev, B.Zh. Sultanbek Qozhanov sozderindegi azattyq ideiasy [The idea of freedom in the words of Sultanbek Kozhanov]. Retrieved from <https://auezov.edu.kz/media/attachments/2022/04/11/1111-96-100.pdf> [in Kazakh].
- 7 Khazretali, T. «Aq zhol» gazetii ulttyq ideianyn uytqysy edi ["Ak Zhol" newspaper was the cradle of the national idea]. Retrieved from <https://abai.kz/post/126133> [in Kazakh].
- 8 Muldakhmetova, Zh.I., Dzholdybaev, Zh.T., & Baizhanova, A.A. Natsionalnyi vopros v 20–30-e gody XX veka v Kazakhstane [The national question in the 20-30s of the twentieth century in Kazakhstan]. Retrieved from <https://auezov.edu.kz/media/attachments/2022/04/11/50-236-248.pdf> [in Russian].
- 9 Qazaq baspasozinde ozindik orny bar «Aq zhol gazetii» ["Ak zhol newspaper" has its own place in the Kazakh press.]. Retrieved from [https://el.kz/kazak\\_baspasozinde\\_ozindik\\_orni\\_bar\\_s\\_kozhanovtin\\_redaktorlik\\_sheberligi\\_25592/](https://el.kz/kazak_baspasozinde_ozindik_orni_bar_s_kozhanovtin_redaktorlik_sheberligi_25592/) [in Kazakh].
- 10 Bazarbaev, K., Akdeniz, E., & Kelesh, M. «Qazaq» zhane «Aq zhol» basylymdaryndagy Turkiia maseleleri [Problems of Turkey in "Kazakh" and "Ak Zhol" editions]. Retrieved from <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1467/849> [in Kazakh].
- 11 «Ontustik Qazaqstan» bastauyn «Aq zhol» gazetinen algan ["Ontustik Kazakhstan" originated from "Ak Zhol" newspaper] Retrieved from <https://okg.kz/post?id=18662&slug=%C2%ABontustik-qazaqstan%C2%BB-bastauyn-%C2%ABaq-zhol%C2%BB-gazetinen-algan> [in Kazakh].